

3. Конвенция Организации Объединенных Наций против транснациональной организованной преступности от 15 ноября 2000г. // https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/orgcrime.shtml

4. Уголовный Кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014г. // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000226>

5. Комментарий к Уголовному Кодексу Республики Казахстан: общая часть // Борчашвили И.Ш. – Алматы : Изд-во Жеті Жарғы, 2015.

6. Организованная преступность в Республике Казахстан: социальные и процессуально-правовые аспекты // Е. Алауханов. – Алматы : Изд-во NURPESS, 2012.

ТІНТУ ЖӘНЕ ЗАТ АЛУ – ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТТЕРІН ЖҮРГІЗУДІҢ НЕГІЗДЕРІ

Абзалбекова М. Т. Қылмыстық құқық, процесс және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы,

Заң ғылымдарының магистрі

Тлеуов Е.А. Астана қаласы «Алматы» аудандық полиция басқармасының

Криминалдық полиция лейтенанты

Жумағалиев А. Ж. Соттық және прокурорлық қызмет білім беру бағдарламасының

3 курс студенті

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

Тінту және алу қылмыстық істі қозғауға заңмен белгіленген лауазымды тұлғаның негізделген қаулысы негізінде жүргізіледі. Заң шығарушы қаулының негізделген себебін қалай түсіну керектігін көрсетпейді. Негізделген қаулыны дұрыс түсіну процессуалдық және тактикалық мағынасы бар.

Заң тергеуші тінту, алуды бастар алдында айтылған тергеу әрекеттері бағытталған тұлғаға, ол болмаған жағдайда тінтілетін тұлғаның жанұясындағы кәмелет жасына толмағандарға немесе үй басқармасы өкілдеріне қаулыны көрсетеді. Осымен қоса, алдын ала тергеу мәліметтерін жариялауға рұқсат етілмейді. Тергеуші бір жағынан тінту, алуды жүргізуге негіз болған мәліметтерге жүгініп қаулы шығарса, екінші жағынан, алдын ала тергеу мәліметтерін жарияламауға міндеттенеді. Сондықтан тергеуші бар мәліметтердің қайсысын және қандай көлемде жариялауы мүмкін екенін шешеді.

Қандай жағдай болмасын тергеуші мәліметтер қайнар көзін жарияламауы тиіс, бұл тергеуге кедергі келтіруі мүмкін.

Тінту алу туралы қаулы прокурормен санкциялануы керек. Тінту мен алуды кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда прокурордың санкциясысыз болмаған, бірақ бұл туралы бір күн ішінде хабарланып, мұндай шешімнің қабылдауының себебін көрсету арқылы жасалуы мүмкін.

Мұндай жағдайларға кіреді:

- Тергеуге қажетті, маңызы бар заттар мен қылмыс болған жерді тергеушінің кенеттен анықтауы;
- Дайындалып жатқан немесе жасалып жатқан қылмысты доғару және т.б.

Тінтуге негіз фактілік және заңдық болып бөлінеді. Қылмыстық іс материалдарында қылмыс қаруы, мүмкін болатын сақтау жерлері, қылмыс бағытталған объектілер туралы ақпараттар болуы мүмкін. Ақпараттар жауап алынғандардың көрсетулерінде, заттық дәлелдемелерінде, құжаттар мен сарапшы қорытындыларында болуы мүмкін.

Тергеу материалдарын толық зерттегеннен кейін тергеуші тінтудің тактикасын белгілейді.

Белгілі орында немесе белгілі бір тұлғада іске маңызды объектілердің бар деген мағлұматтың өзі жорамал тудырады.

Мұндай мағлұматтарға процессуалдық жолмен алынған прокурорлық құжаттарда бекітілген мәліметтер көреді. Сонымен қоса, анықтау органдары жедел іздестіру шараларын жүргізу кезінде алынған ақпараттарды да қоса қарастырамыз. Мұндай ақпараттарды іске қатыстырудың негізі ретінде қылмыстық іс жүргізу заңнамасы регламентімен бекітілген, жинау, тексеру, дәлелдеме бағасы туралы ережеге сүйене отырып алынуы тиіс. Тергеушімен сотқа берілетін анықтамалар жедел іздестіру шаралары кезінде қайнар көзсіз алынған мәліметтер дәлелдеме ретінде іске қатыстырмайды, олар тек

тергеу әрекеттерін жүргізуге итермелеуі мүмкін.

Тергеуші ҚПК белгіленген тәртіпте жауап ала отырып фактілік мағлұматтар алады. Процессуалдық тәртіпті сақтаған жағдайларды фактілік мәліметтер тінтуге негіз бола алады.

Заңды негіз – бұл тергеушінің белгілі тергеу әрекеттерін жүргізу туралы қаулысы. Қаулыда тінтуді жүргізуді итермелеген фактіні көрсететін негіздер болуы қажет. Қаулы тергеу судьясымен санкциялануы керек.

ҚПК 232 б. 3-т. кейінге қалдырмайтын жағдайлардағы тінтудің прокурор санкциясыз жүргізуі мүмкін түрлері көрсетілген. ҚПК тінтуді жүргізудің заңды негізіне қатаң талап қояды. Тергеушінің қаулысында тергеу жүргізуге мүмкіндік беретін толық көлемді фактілік мәліметтер болу керек.

Тергеліп жатқан қылмыстық іс бойынша тінтуді керек деп және осы туралы қаулы шығарғаннан кейін тергеуші сол тергеу әрекеттеріне жоспар құрады. Әр тінту тактикалық тұрғысынан жеке қылмыстық істің ерекшеліктері ізделіп жатқан тұлғалар сипаты, объектілерге тән ерекшеліктер өзіндік ерекшеліктері және т.б. жағдаяттары оны дайындау мен жүргізуге әсер етеді. Тергеуде белгілі бір нәтиже алу үшін нақты ұсыныстар беріледі.

Тергеуші тінту орнына шығар алдында іс жүргізетін жер туралы мағлұматтар алу керек. Мұндай мағлұматтарды білу іздеу әрекеттерінің көлемін, әрекеттерін жүргізу жүйесін, қажетті техникалық құралдарын алдын ала дайындауға көмектеседі.

Мұндай ақпаратты алу үшін тергеуші тиісті органнан ғимараттың әр этажға арналған жоспарын, белгіленген тінту орнын және жерімен жеке өзі танысуы мүмкін.

Тінту жүргізілетін жер туралы ақпарат арқылы алыну керек: тінту жүргізілетін ауданының нақты шектері, жер ерекшеліктері, өсімдіктердің сипаты, құдық пен су қоймаларының болуы, жер асты жолдарының жағдайы және т.б.

Мұндай ақпараттардың қайнар көзі ретінде топографиялық карталар, жердің жоспары мен фотосуреттері, жедел іздестіру қызметінің материалдары жатады. Тергеуші жетіспейтін ақпараттарды алу үшін жеке өзі іздеу әрекеттері жүргізілетін мекен жай немесе орынмен таныса алады.

Қылмыстық іс және жедел іздестіру әрекеттері арқылы алынған материалдар негізінде тергеуші тінту жүргізілетін тұлға, оның отбасы мүшелері туралы олардың өмір сүру салты, қызығушылықтары, күн тәртібі жайлы өзінің көз алдында елестетуі қажет. Бұл оған іздеу әрекеттерінің тактикасын белгілеп, тінту орнындағы дұрыс жүріс-тұрысты бекітеді.

Тінту жүргізу туралы шешімді қабылдау үшін нақты ақпараттардың көлемі әсер етеді. Егер олар жеткіліксіз болса, тергеуші қосымша тергеу әрекеттерін жүргізуді шешеді. Тәжірибеде күдіктінің өзі қосымша ақпараттың көбін беретіні анықталды. Күдікті басқаларға қарағанда, тығылған заттар, олардың орны туралы жақсы біледі.

Криминалистік полиграфия саласындағы мамандардың қатысуымен бағытталған жауап алу бірінші ретте тінту нәтиже бермеген жағдайда, қайта тінтуді жүргізу кезінде ақпаратты алудың қажетті әдісі болып табылады. Ізделетін объектілер туралы мағлұматтарды күдікті жақындарынан білуге болады. Олар көп жағдайда ізделетін затты жасырып, зат туралы жалпы және жеке белгілерін біледі. Қажетті ақпараттарды алу және құжаттарға анализ, сондай-ақ криминалистік экспертиза жүргізу арқылы алуға болады.

Объект, тұлғаға қатысты келешекте жүргізілетін тінту әрекеттерін жүргізу туралы ақпараттарды құпия сақтауы керек.

Жоғарыда айтылғандай, Конституцияға сәйкес, үйге тұрғындардың еркінен тыс кіріп, тінту әрекеттерін жүргізу сот шешімімен жүргізілуі мүмкін.

Қылмыстық іс жүргізу заңнамасында жеке тінту жүргізу туралы қаулысыз және прокурордың санкциясын қажет етпейтін жағдайлар: ұстау немесе тұлғаны қамауға алу; тінту жүргізілетін тұлға жасырынған жерде іске маңызды заттар бар деген негіздердің жеткілікті болуы [1;124].

Дипломатиялық өкілдіктер орналасқан үй жайлар, сонымен қоса дипломатиялық өкілдіктердің мүшелері мен жанұясы тұратын мекен жайына тінту жүргізу негіздеріне заңмен көрсетілген.

Кей тұлғалар категориясына (судья, депутат, т.б.) заң негізінде бекітілген тінту көрсетілген. Дегенменде, қылмыстық іс жүргізу заңнамасында бұл туралы арнайы нормалар жоқ, бұл нормалар басқа нормативті актілерде жазылған.

Тергеуші көп жағдайда жедел іздестіру органдарының ақпараттарын тінту мен алу көздері ретінде қолданылады.

Жеткілікті негіз ретінде жедел іздестіру органдарының ақпараты мен қылмыстық істегі дәлелдемелердің жиынтығын қарастырамыз. Сонымен қоса, тұлға өзінде іске маңызды заттар немесе құжаттар бар деген негіздерде оны тінте алады, қаулы мен прокурордың санкциясыз жеке тінту мен алу, қамауға алу тәрізді әрекеттер жасалуы мүмкін.

Тінтуді тергеуші мен құқық қорғау органдарының анықтау бөлімдерімен жүргізу тәртібі тек заңдармен емес, сонымен қатар ведомстволық актілермен реттеледі. Алу мен тінту тергеушінің нақтыланған қаулысымен жүргізіледі. Алуға немесе тінтуге қатысушылар тергеу өндірісін жүргізу қаулысымен танысады. Тергеуші өзінің тінтуді өткізу шешімін, заңдық негізде қаулыға айналдырады.

Қаулыда тінтілетін тұлға, тінтілетін аумақ (тұрғын үй, үйіне жақын орналасқан жерлер, қонақ жайлар, жатаханалар және тағыда басқалар); мүмкіндігінше алынатын заттар мен құжаттар тізімі анықталады, тінтуге негіз болған нақты фактілер тізімделуі қажет.

Тінтудің қауіпсіздігі, келесі ережелерге негізделеді:

- тергеу тобының адамдарымен сол жерді сақтау;
- тергеу тобының әрбір адамына нақты түсіндірме беру;
- тінтілетін жерлерде нақты әрекеттерін анықтау;
- тінтілетін адам жағынан келеңсіздік туған жағдайдағы әрекеттерді реттеу үшін алдын ала келісу;
- тінтілетін адамға орын ауыстыруға немесе қолына заттарды алуға тыйым салу (сонын ішінде қару, атылатын заттар мен құжаттар)
- мамандардың білімдерін және техникалық заттарды дұрыс қолдану; атылғыш заттар бойынша маманның, қару маманның, радиоактивті заттар бойынша маманның білімдерін дұрыс қолдану. Тінтуге қатысатын адамдар тобының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, кинологтерді тінтуге қатыстыру қажет [2; 67].

Процессуалдық және процессуалдық емес әдістер арқылы табылған және жиналған заттарды саралап бағалау, тінтудің тактикалық жоспарын құрайды. Тінтудің ерекшеліктеріне қарамастан келесі жағдайлар ескерілу қажет: өткізілу күні уақыты және аяқталуы (түнгі уақытта тінту аса қажеттілік туған жағдайда жүргізіледі); қажетті жағдайға байланысты тінтуге қатысушылар саны; техникалық –криминалистикалық заттар мен қажетті мамандарды анықтап алу (жермен жұмыс үшін қажетті адамдар, ауыр жүкті тасуда көмектесушілер және өзгелер); қарулы және өзге де қарсылық болуы болжау; тінтілетін орында жүйелі және қадамды тактиканы жүргізу; прокуратура мен полиция қызметкерлерімен байланыстарын орнату түрлері болып бөлінеді.

Бұл сұрақтарды қарастырып, шешу, тінтуге аз уақыт қалғанда қажет. Жоспардың жазбаша болғаны жөн, егер қосымша тінтілетін жердің орны бойынша сызбалар болса, ол тіптен керемет. Жедел ақпарат тінтілетін адамды анықтауға, тінтуді жүргізетін адамдарды, ақпаратты алу әдістерін қолдануға, қылмыскерді ұстауға және өзге де қажеттіліктерге көмектеседі.

Кейде жедел іздестіру ақпараты қосымша көмектесуші рольді атқаруы мүмкін, ол тергеушіге объектілердің орналасқан жері бойынша ақпаратты беруге, тергеу құрамын дұрыс құрылуына, құралдар мен тінтуді жүргізудің қолайлы жағдайын табуға көмектесуі мүмкін.

Тінтуді жүргізу кезеңін таңдау, тінтуді жүргізу асығысымен, дайындық деңгейіне, өндірісті жүргізудегі құралдар мен адамдардың бар болуымен, объектіге кенет кіруіне, тінтілетін орында кейбір тұлғалардың болуының дұрыстығы, тінтілудің жүргізілетін уақытымен байланысты.

Тінтуге қатысатын құрамды, қылмыстың деңгейіне, қарудың бар болуына, тұлғалардың ерекшелігіне, ізденістегі объектілердің ерекшеліктеріне, территория мен орның ерекшелігіне, құпия орындарының бар болуына және тағы да басқа мән жайларға байланысты. Осыларға байланысты мамандар саны, техникалық көмекшілер саны, полиция қызметкерлер саны және өзгелер анықталады. Тінту үшін жауапты адам тергеуші немесе анықтау бөлімнің бастығы болады. Егер тінту әр түрлі жерде және әр түрлі адамдарда өткізілсе, онда бірнеше тергеуші тағайындалады, бірақ бір тергеуші жауапты болады. Екінші жұмыс тобы- полиция қызметкерлердің жұмыс тобы. Олар тінтілетін жерді сақтауға, ізденіс жүргізуге қатыстырылады, бірақ жеке тінтуде (әйелді жеке тінтсе онда жедел тобының әйел жыныстылар қатыстырылады), жердің учаскісін және орнын сыртқы қарауда ерекше жағдайлар қолданылады.

Қатысушылардың үшінші тобы – мамандар. Мамандардың тінтуге қатысуы жалпы ережелер мен реттеледі. Бұнда мамандар ретінде – үйдің қалпын қамтамасыз ету қызметінің жұмыскерлері,

электриктер, сантехниктер, ювелирлер, антиквар, суретші, аудармашы, дәрігер және өзгелер болуы мүмкін. Соңғысы екі жағдайда қолданылады. Біріншіден, тінтуге қатысушыларға көмек көрсету үшін, екіншіден тінту кезінде бөлмеде ауыр халдегі ауыратын адамды тапқан жағдайда, егер тергеушіде ауырып жатқан адамның астында қажетті объектілер жатқандығы туралы күмән туса. Дәрігердің медициналық көмегі мен кеңестері тергеу әрекетін жоспар бойынша өткізуіне септігін тигізеді. Нақты жағдайларға байланысты, тергеу амалдарына өзгеде мамандар шақырылуы мүмкін, егер олар өздерінің білімімен немесе құралдарымен көмегін тигізетін болса.

Қатысушылардың төртінші тобы куәгерлер және тінтілетін тұлға. Куәгерлердің саны екеуден кем болмауы қажет, олардың саны жағдайға байланысты өзгеріп отырады. Тінтілетін орынға бармай тұрып куәгерлерді иаңдау дұрыс. Мысалы, бөлмеге кірерде тінтілетін адам жағынан қарсылық болуы мүмкін.

Тінтудің оң нәтижесі объектілерді табуға бағытталған, объектілерді бекіту және анықтауда қажетті құралдар кешенінің болуына және дұрыс ғылыми-техникалық әдістер мен тәсілдерінің болуы байланысты. Тергеуші өзі немесе мамандардың көмегімен қажетті ғылыми – техникалық құралдарды таңдайды. Жеке объектілерді іздеуде арнайы құралдарды пайдалану мүмкін, ол құралдарды қолдана алатын мамандарды шақыруы мүмкін. Тінтуге әр түрлі саладағы мамандар қатыстырылуы мүмкін, бірақ жиі дәрігерлер, кинологтер, криминалисттер, химиктер қолданылады [3;12].

Қылмыстық іс жүргізу заңнама алдын ала тергеу органдарына қылмысты түрткі болған себептер мен шарттарды анықтап, оларды жою үшін әрекеттер қабылдауды жүктейді. Заңды жүзеге асыруда, тергеу органдары түрлі әдіс тәсілдерді қолданады. Тінту және алу тергеу әрекеттері тергеушіге, тек қылмыстың іс жүзіндегі жақтарын ғана емес, айыптының қылмыстық әрекетінің мақсаттарын және себептерін, қылмысты тудырған шарттарын анықтауға көмектеседі.

Тергеу әрекетінің құқықтық негіздері – тергеушіге белгілі бір әрекетті жасауға құқық беретін, қылмыстық іс жүргізу заңнамасында көзделген шарттардың жиынтығы. Іс жүзіндегі негіз ретінде, іздердің бір түрінен дәлелдеу ақпаратты алу мүмкіндігін беретін нақты мәліметтер болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ.

2. Иванов, А. Н. Производство обыска: уголовно-процессуальные и криминалистические аспекты: учеб. пособие / А. Н. Иванов; под ред. В. И. Комиссарова; Саратов. гос. акад. права. – Саратов, 1999. – 119 с.

3. Кузнецов, А. А. Тактика обыска в жилых помещениях: лекция / А. А. Кузнецов. – Омск, 1997.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ КІНӘСІЗДІК ПРЕЗУМЦИЯСЫ ҚАҒИДАСЫНЫҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ МӘНІ

Абзалбекова М. Т. Қылмыстық құқық, процесс және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы,
Заң ғылымдарының магистрі

Серікбай Х.Т. Жезқазған қаласы прокуратурасының аға прокуроры

Жумашева С.А. Соттық және прокурорлық қызмет білім беру бағдарламасының 3 курс студенті

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

Қылмыстық сот ісін жүргізуде жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беру проблемасы қазіргі заманғы құқықтық теория мен практиканың өзекті және іргелі проблемаларының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы адамның құқықтары мен бостандықтары жоғары құндылық деп жариялайды, оларды тек заңмен белгіленген тәртіпте ғана шектеу мүмкін болады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында және қағидат ретінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде бекітілген кінәсіздік презумпциясы қазіргі уақытта жеке адам